

**Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт мамандарына отын сатып алу үшін 2009 жылы әлеуметтік көмек беру туралы.**

### *Күшін жойған*

Алматы облысы Ескелді аудандық мәслихатының 2009 жылғы 5 тамыздағы N 28-174 шешімі. Алматы облысының Әділет департаменті Ескелді ауданының Әділет басқармасында 2009 жылы 28 тамызда N 2-9-87 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Ескелді аудандық мәслихатының 2010 жылғы 18 қаңтардағы N 34-205 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Ескелді аудандық мәслихатының 2010.01.18 N 34-205 Шешімімен**

Қазақстан Республикасының "Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 1-тармағының 15-тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңының 18-бабының 5-тармағына сәйкес Ескелді ауданының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт мамандарына отын сатып алу үшін 2009 жылдың бюджет қаражаты есебінен 5 айлық есептік көрсеткіш көлемінде әлеуметтік көмек берілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың халықты әлеуметтік қорғау, білім, денсаулық сақтау, спорт, мәдениет саласы және жастар ісі жөніндегі тұрақты комиссиясына (М. Бөгенбаев) жүктелсін.

3. Осы шешім ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>Ескелді ауданы мәслихатының</i>	<i>Ескелді ауданы</i>
<i>IV шақырылымындағы XXVIII</i>	<i>Есдәулетов Қуат Райқұлұлы</i>
<i>сессиясының төрағасы</i>	<i>Ескелді ауданы</i>
<i>мәслихатының хатшысы</i>	<i>Тастанбаев Қалабек Тастанбайұлы</i>